

## Первого марта - День благодарения

Отмечая в пятый раз...



В нынешнем году в пятый раз отмечается эта дата. В первый день весны в ДК имени Ш. Калдаякова состоялся праздничный концерт «Алғысымыз шексіз» котором приняли участие и представители этнокультурных центров. А в малом зале городского акимата, глава местной исполнительной власти Д. Махажанов провел встречу с представителями местных национальных культурных центров, самые активные были награждены Алғыс хат и ценными подарками. Среди них: Ф.Байсова, И.Домбровская и Х.Абдувалиев

«В нашем городе и в рабочих поселках административно подчиненных Кентау, в дружбе и согласии проживают представители десятков национальностей и народностей. В советское время комбинат «Ачполиметалл» был известен своими трудовыми подвигами далеко за пределами Советского Союза. И среди лауреатов Ленинской премии, государственных премии СССР и

Казахской ССР были: казахи, русские, украинцы, евреи, татары, чеченцы... Это говорит о том, что интернациональная дружба и согласие между народами нашего города идет еще с прошлого столетия и продолжается сейчас» - говорит председатель Совета общественного согласия при АНК города Кентау Нурмахамат Жакай.

Что думают по этому поводу представители различных этносов? «В 1949 году мои родители, как и другие представители греческой национальности были высланы в принудительном порядке из города Баку, в поселок Миргалимсай, Казахской ССР. Соседнему городу Туркестану в то время были нужны различные квалифицированные кадры, и моего отца в числе других специалистов забрали туда. По словам родителей, в те трудные и тяжелые дни руку помощи протянуло местное население, которое само перебивалось с хлеба на воду. Прошли годы, десятилетия с той страшной поры. Для меня

Казахстан стал родиной, во время службы в рядах Советской Армии, когда меня спрашивали откуда? Я с гордостью говорил из Казахстана.

На этой земле казахской, у нас родилась трудовая династия. Наш отец был фотографом, я фотограф, мой брат Николай-фотограф в Туркестане, мой сын Георгий пошел по нашим стопам и стал фотографом» - говорит ветеран труда, предприниматель Федор Апостолиди.

«В 1944 году, азербайджанцев проживающих в Грузии, в одночасье, под дулами автоматов выселили из обжитых мест и отправили в товарных вагонах в Казахстан. Депортированных высадили на станции Тимур. И им первую помощь, как моральную (слова утешения), так и продуктовую ( делились последним) оказали местные жители – казахи. Группа вынужденных переселенцев перебралась в поселок Хантаги, и трудоустроилась. К слову, мой отец – Асанпаша и мать Махбур, всю свою трудовую деятельность протрудились в системе комбината «Ачполиметалл». Все хорошее и плохое я познал на войне, когда нас солдат срочной военной службы послали в Афганистан. В те тяжелые дни, после очередного боя или обстрела душманами наших позиции, я вспоминал наш город Кентау, наших добрых соседей – казахов, свою родину Казахстан. Мы – азербайджанцы нашли здесь свою вторую родину. Вот

уже какое поколение азербайджанцев живет здесь. Мне, как участнику локальных войн нередко приходится выступать перед молодежью города и рассказывать увиденное. Спасибо Казахстану за его гостеприимство и толерантность» - говорит участник войны в Афганистане, обладатель советской медали «За боевые заслуги» и боевых наград ДРА ( Демократической Республики Афганистан), председатель попечительского совета школы № 22 Фахритдин Гахарманов.

« Мы – корейцы первые переселенцы в Казахстан, ведь нас выслали сюда в далеком 1937 году. Но память об этой принудительной и горестной депортации жива до сих пор. Как жива память благодарности и сочувствия местного населения к корейцам, и их помощь в предоставлении жилья, хотя сами казахи жили в стесненных условиях. Ведь депортация шла в тяжелые предвоенные годы, в 1937 году, когда за решетку попали тысячи невинных и невиновных граждан. Эта братская поддержка и помощь казахского народа в те трудные годы остались навсегда в памяти корейского народа, и передаются из поколения в поколение. Недаром говорят: друзья познаются в беде. И эта дружба между народами «закаленная десятилетиями» будет всегда» - говорит Вячеслав Чангонович Ким, ветеран труда комбината «Ачполиметалл», член городского корейского этнокультурного центра.

Магауя ХОЖАМУРАТОВ,  
Кентау.

## Халықаралық аналар мейрамы құтты болсын!

Көктемнің алғашқы мерекесі Халықаралық әйелдер күні - әр жылы 8 наурызда тойланатын мейрам. 8 наурыз - Халықаралық әйелдер мерекесіне орай түрлі шаралар ұйымдастырылып, сол бір керемет күндердің арқасында аналарымыздың көңілі бір жадырап қала беретіні анық.

Құрметті Кентау қаласының ақжаулықты аналары және қыз-келіншектері, Сіздерді 8 Наурыз – халықаралық әйелдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтай отырып, шынайы көңілден шыққан ең ізгі тілектерімізді жолдаймыз.

Осынау жарқын мерекенің біздің барлық үміттеріміз бен армандарымызды тығыз байланыстыратын көктемнің алғашқы айының басында келуі, жақсылықтың нышаны болса керек. Қашаннан бергі дәстүріміз бойынша біз бұл күні Сіздерге – аналарымыз бен апа - қарындастарымызға, қыздарымызға ең ыстық құттықтауларымыз бен ең ізгі тілектерімізді жолдаймыз.

Сіздерге шынайы көңілден зор денсаулық, баянды бақыт, отбасыларыңызға береке - бірлік, еңбектеріңізге табыс тілейміз!

Осы бір тамаша көктем мерекесі әйелге тән әдемілік пен нәзіктіктің мәңгі белгісі сияқты.

Біздің қазіргі қоғамымызда әйел тек отбасының береке - бірлігін ойлайтын тұлға ғана емес, ол мемлекеттің өмірге және саяси мәселелерге белсене араласатын қоғам мүшесі. Сондықтан біздің елімізде әйел адамның әлеуметтік қорғалуына, олардың өмір сүру деңгейін арттыруға айрықша маңыз беріледі.

Қымбатты ханымдар! Сіздердің атыңызға айтылатын ақ алғыстар мен жылы сөздер ешуақытта толастамасын. Көктемнің басымен келетін мерекелік көңіл - күй Сіздердің сергектіктеріңіз бен күш - жігерлеріңіздің қуат көзіне айналсын. Сіздерге және отбасыларыңызға әрқашан бақыт және сәттіліктер тілейміз!



«Қаратау тәжі» газетінің ұжымы.



## «Ауған, сөнген шоқ, өшкен арман тек сенен есте қалған»

Кентау қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты С.Қожанов ауылдық №20 кітапхана-филиалында ауған жерінен кеңес әскерлерінің шығарылғанына 32 жыл «Ауған, сөнген шоқ, өшкен арман тек сенен есте қалған» атты кездесу кеші болып өтті.

Ауған жерінен кеңес әскерлерінің шығарылғанына 32 жыл толған күнді атап өту, қажетсіз соғыстың қасиеті жайлы мағлұматтар беру. Ауған ардагерлерімен кездесу арқылы ауған соғысы жайында кеңінен мәлімет алу, оқушыларды ерлікке, ұлтжандыққа тәрбиелеу, патриоттық тәрбие беру. «Ауған, сөнген шоқ, өшкен арман тек сенен есте қалған» атты кездесу кешіне арнап кітап көрмесі жасалынды. 68 адам қатысты. Бейнесуджеттер көрсетілді.

Кездесу кешіне Ауған соғысының ардагерлері Ақай Тілес Төленбайұлы қатысты. Үшқайық ауыл әкімшілігінің орынбасары, ауыл ақсақалы, С.Қожанов мектебінің әскери дайындық пәнінің мұғалімі, клуб меңгерушісі қатысты. Кеште С.Қожанов ауылдық №20 кітапханасының кітапханашысы О.Бектұрғанов ауған соғысы туралы қысқаша мәлімет беріп өтті. Ауған соғысының 32 жыл толуымен ауған соғысы ардагерлерін құттықтап, өз ой-пікірлерін айтты. Одан кейін сөз кезегі ауған соғысы ардагерлері Ақай Тілес Төленбайұлына берілді. Әскерге алынып, ауған соғысына қатысқаны туралы, соғыс туралы басынан өткен қиыншылықтары жайлы айтып берді. Ақай Тілес Төленбайұлы 1964



жылы 20 маусымда Оңтүстік Қазақстан облысы (қазіргі Түркістан облысы), Үшқайық елді мекеніне қарасты «Нұртас» ауылында дүниеге келген. Орта мектепті бітіргеннен кейін 1982 жылы ауған жеріне әскери борышын өтеуге аттанады. 1982-1985 жылдар аралығында Отан алдындағы борышын абыроймен атқарып келгеннен кейін 1986 жылы Қарағанды педагогикалық институтына информатика мамандығы бойынша оқуға түседі. 1991 жылы жоғары оқу орнын аяқтап, Аманкелді жалпы орта мектебінде ұстаздық еңбек жолын бастайды. 1997 жылға дейін осы пәннен жемісті еңбек ете жүріп, 1997 жылдың 27 ақпанынан бастап Түркістан аудандық білім бөлімінің №22 бұйрығы негізінде және әскери комиссариат келісімі

бойынша алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі болып тағайындалды. Түркістан облыстық Ардагерлер Кеңесінің мүшесі ретінде жастармен кездесулерге қатысып, отансүйгіштікке тәрбиелеуде үлгі-өнеге көрсетіп жүрген ұстаз пән бойынша өз шығармашылығын шыңдаудан жалыққан емес. Қала, облыс деңгейінде АӘЖТД пәні бойынша семинарлар өткізіп, әріптестеріне әдіс-тәжірибесін көрсетті. Жоғары санатты ұстаз Ақай Тілес әр жылдары білім жетілдіру курстарында оқып, өз білімін жетілдірді. Бірнеше сыныпқа жетекшілік етіп, бүгінде өзі оқытып, тәрбиелеген шәкірттері әр түрлі салада еңбек етуде. Түрлі кәсіби байқауларға қатысып, жүлделі орындардан көрінді. 2018 жылы Кентау қаласы қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің «2018 жылғы күзгі шақыру жұмыстарын жүргізу» жұмыстарындағы жоғары көрсеткіші үшін Алғыс хатпен, 2019 жылы «Елді ер қорғайды» атты АӘЖТД пәні оқытушыларының республикалық әскери-патриоттық семинар өткізгені үшін Түркістан облыстық Білім басқармасының Алғыс хатымен, сол жылы әскери оқу-далалық жиында қосқан айрықша үлесі үшін Кентау ҚББ Алғыс хатымен марапатталды. Ustudy компаниясы, Білімді дамыту мен зерттеу ассоциациясы мен республикалық edulife.kz сайты ұстаздар арасында ұйымдастырған қашықтық олимпиадасына да қатысып, Алғыс хат иеленді. Жуырда өткен IV республикалық «Ең білімді педагог-2020» пән олимпиадасында АӘЖТД пәні бойынша I орын

алып, мектептің мерейін үстем етті. Кәсіподақ мүшелерінің еңбек, әлеуметтік – экономикалық мүдделері мен құқықтарын қорғау және білім беру саласындағы еңбегі үшін 2018 жылы «Кәсіподаққа еңбегі сіңген қызметкер» төсбелгісімен марапатталды. Оқушылардың білім сапасын көтеру мақсатында ақпараттық-коммуникативтік технологияны кеңінен пайдаланады. Әріптестеріне, әсіресе жас мамандарға көмегін аямайды. Білім көрсеткіштері пәні бойынша жоғары. Сабақта мемлекеттік стандарттан тыс білім материалдарын оқушылардың қызығушылығын ояту мақсатында тиімді пайдаланады. Ұжымда көшбасшы ұстаз отбасында да ардақты әке, немерелерінің сүйікті атасы. Ардагер ұстаздың жас мамандарға, шәкірттерге білім беру мен тәрбиелеуде берер тағлымы мол.

Кеш соңында Ауған соғыс ардагерлеріне сый-сияпаттар мен гүл шоқтары берілді. Кітапхананың тұрақты оқырмандары Ауған Соғыс ардагерлеріне арнап жүрекжарды ән жырларын орындап, музыкалық сәлемдемесін тарту етті. «Ауған, сөнген шоқ, өшкен арман тек сенен есте қалған». Кеште болған көрермендердің есінде мәңгі сақталады.

**Омарәлі БЕКТҰРҒАНОВ,**  
Кентау қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты С.Қожанов ауылдық №20 кітапхана-филиалының меңгерушісі.

## ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**Қазақстанның жоғарғы білімнің қара шаңырағы Қазақстан бүгінгі таңда сапалы білімімен көзге түскен елдердің бірі болып табылады. Біз оны салынып жатқан әлемдік стандартқа сай түрлі мектептер мен жоғарғы оқу орындарынан байқаймыз. Сондай университеттердің бірі әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті. ҚазҰУ әлемнің ең үздік 300 университеттерінің қатарында. Ғылыми зерттеулер мен әдістемелерді жүргізуде жоғары деңгейдегі технологияларды пайдаланатын, оны қоғамда және экономикада ұтымды жүзеге асыратын алдыңғы қатарлы заманауи ЖОО болып табылады. Болашақта ҚазҰУ тек республикалық ғана емес, халықаралық білім беру орталығына айналмақ.**

Шығыстың атакты философы Әбу Насыр әл-Фарабидың есімімен аталған

Университет қабырғасында Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Ермұхан Бекмаханұлы, Әлкей Марғұлан, Д.Сокольский тәрізді аса көрнекті ғылым мен мәдениет қайраткерлері дәріс оқыды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Экономика және бизнес жоғары мектебі – бұл: 1949 жылы ашылып, 1963 жылы Алматы халық шаруашылығы институтының құрылуына негіз болған, Қазақстандағы жоғары білікті экономистерді даярлайтын ең алғашқы және кең ауқымды қамтитын орын атанды. Жыл сайын экономика және бизнес, менеджмент және маркетинг, қаржы, есеп және аудит саласында факультеттен түлеп ұшатын 500-ден

астам бакалавр, магистр және Ph.D. докторлары, 20 ғылым докторы, 45 ғылым кандидаты мен 10 Ph.D. докторын қоса алғанда кәсіби біліктілігі өте жоғары профессорлық-оқытушылық құрам бекітіліп, университеттің дәстүрлі болмысы мен оқытудың заманауи әдістерінің үйлесім табуда.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі қарамағындағы Экономика институтымен тығыз байланыста жүргізілетін ғылыми зерттеулер мен ғылыми мектептердің сабақтастығына студенттердің, еліміздің дамуына сүбелі үлес қосқан көптеген отандық ғалымдардың, беделді мемлекеттік қызметкерлердің, табысты кәсіпкерлердің, жоғары оқу орындарының ректорларының, атақты спортшылардың қара шаңырағы.

-қызықты іс-шараларға толы, мәнді әрі мағыналы студенттік өмір мен қолайлы кампус;

-тұрақты түрде жүзеге асырылатын халықаралық жобалар мен шетелдік серіктес университеттерде білім алу мүмкіндігі.

-Экономика және бизнес Жоғары мектебінде “Мемлекеттік және Жергілікті Басқару”, “Менеджмент”, “Қаржы”, “Маркетинг”, “Есеп және аудит”, мамандықтары бойынша мамандандырылған кабинеттер жұмыс істеуде.

Бизнесің түрлі саларында (экономика, қаржы, маркетинг, менеджмент, кәсіпкерлік) терең тәжірибелік білім алу;  
-қолданбалы зерттемелер, технологиялар және жобаларды коммерциализациялау;  
-жеке ой-өрісті кеңейту және бизнес жайлы ғаламдық мәлімет алу;  
-дәрістерді тыңдау және

қазақстандық және шетелдік жетекші ғалымдардан үйрену;  
-бүкіл әлемнен бизнес-контакттар алу және халықаралық мансап құру;  
-жеке дамуға пайдалы инвестициялау;

Инновациондық мәдениетті дамыту және кәсіпкерлік ортаны қалыптастыруға қолдау жасау. Университет жоғарғы білікті мамандарды даярлауға, әлемдік білім кеңістігінде интеграциялауға, өндіріске енгізілетін іргелі және қолданбалы зерттеулерді дамытуға бағытталған кең көлемдегі білім, ғылым, рухани-тәрбиелік, инновациялық және өндіруші негізіне ие.

Расында да, мемлекеттік құрылымдар қатарында Қазақстан университеттері де елдің инновациялық жүйесінің үштік серпінін құруда өзінің зияткерлік орнын тауып, бәсекеге қабілетті мамандар ұстаханасын, жаңа білімдер мен инновацияларды өндіру орталықтарын күшейтуі қажет, сөйтіп, білімге негізделетін экономиканың нақты нысанына айналуы тиіс. Нақты іс-қимылдар әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қабырғасында белгілі дәрежеде жүзеге асып жатыр.

ҚазҰУ-де шетел жоғары оқу орындарынан келген профессорларды ғылыми жетекшілік жасап жүрген студенттерімен бірге жұмыс барысындағы сәттерін осы жерде жиі кездестіруге болады. Жалпы аумағы 4,5 мың шаршы метр болатын 500 орынға шақталған жас ғалымдар үйінде профессорларға арналған бөлмелер де қарастырылған. Сол арқылы жастардың шығармашылық және ғылыми әлеуетін көтеруге септігін тигізетін ғылыми-зияткерлік

орта қалыптасуда. ҚазҰУ-дың басты мақсаты - әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіруге өз үлесін қоса отырып, QS «World University Rankings» халықаралық рейтингінде-200 университеттің қатарына ену. ҚазҰУ басшылығы барша ұжыммен университеттің жоғары білікті мамандарды даярлауға, әлемдік білім кеңістігінде интеграциялануға, өндіріске енгізілетін іргелі және қолданбалы зерттеулерді дамытуға бағытталған кең көлемді білім, ғылыми, рухани-тәрбиелік, инновациялық және өндіруші негізге ие қызметтерді жүзеге асыруда.

Сөз соңын түйіндей келе, білім және ғылым дамудың іргетасы болуымен қатар, еңсесі биік елдермен терезесі тең мемлекет болудың күретамыры, алтын арқауы. Білім, ғылым бар жерде жетілу, кемелдену, даму үрдісі бір сәтке толастамайды. Табыстылық пен жақсы тұрмыс кешу негізі білімділікте екенін ұлы Абай жақсы айтқан: «Балаң білімді парасатты болсын десең, малыңды аяма». Иә, бүгінгі таңда ұлы ақымымыздың өсиетімен егемен еліміз дарынды балаларына әлемнің іргелі оқу орындарына заманауи білім мен ғылымды меңгеруге қомақты инвестиция жұмсап, ұлттық адами капиталдың әлеуетін арттырып, бәсекеге қабілеттілігін көтеріп жатыр. Бұл баршамызды қуантатын үрдіс.

**Ж.О.ТҮМБАЙ,**  
ҚазҰУ-нің доценті, э.ғ.к.  
**Ш.ӘЛЗАҚ,**  
ҚазҰУ-нің Мемлекеттік және Жергілікті басқару мамандығының 4 курс студенті.